

24 Сәуір
Дүйсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

АТ ЖАРЫСЫМЕН АЙШЫҚТАЛҒАН ОРАЗА АЙТ МЕЙРАМЫ

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ АЛҒАШ РЕТ ОРАЗА АЙТ МЕЙРАМЫ КЕҢ КӨЛЕМДЕ АТАЛЫП ӨТТІ. ТАҢЕРТЕҢНЕН ҚҰБЫЛҒАН АУА РАЙЫНА ҚАРАМАСТАН АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН ӨТКЕН МЕРЕКЕЛІК ШАРАДА АУЫЛДАҒЫ МЕКЕМЕЛЕР МЕН КӨСІПКЕРЛЕР ДЕ ҚАЛЫС ҚАЛМАДЫ.



Мейрамның ашылу салтанатында Саралжын ауылдық округінің әкімі Марат Тәжіғалиев саралжындықтарды мерекемен құттықтап, көпбалалы ана Екатерина Тоқмағанбетоваға күміс алқа табыстаса, ауыл ақсақалдары еліміздің тыныштығы мен әрбір тұрғынға, әрбір отбасыға береке тіледі. Аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің сектор меңгерушісі Бакберген Мұхамбетқали ізгі тілегін білдіріп, додаға қатысушыларға сәттілік тіледі. Ауылдық клуб алдына арнайы лап тігілген ағаш үйде қонақтарға ас берілді. Ауылда дүкені бар

кәсіпкерлер көпшілікке қажетті тағамдар мен сусындар шығарса, балаларға тегін балмұздақ таратылды. Сонымен қатар 15 отбасыға азық-түлікпен көмек көрсетілді. Сол күні түстен кейін таңертемен басталған мерекелік іс-шаралар ұлттық ойындармен жалғасты. Арқан тартыс, қошқар көтеру, 15 жасқа дейінгілерге ешкі көтеру, аударыспақ, қол күрес, бір көтеру сынды ұлттық ойындар ойнатылды. Толығырақ тарқатсақ, бір тасын көтеруден Иманат Құдайбергеге тең келер ешкім болмады. Ал, қол күресінен 90+ салмақта қараойлық Нармағамбет Бердалиев, 90 салмақ дәрежесіне дейін шұбарқудықтан келген Жәнібек қарсылас шыдатпады. Айтулы мерекедегі тартысты доданың бірі арқан тартыс болды. Үшінші орынды 1991 жылғылар Місе тұтса, екінші орын Шикұдық командасы, қайратты да, қажырлы 1985 жылғы азаматтар бірінші орынды жеңіп алды. Ал әйелдер қатысқан арқан тартыста бірінші орын ауыл үлкендері, екінші орынға 1993 жылғы қыз-келіншектер жайғасты. Одан кейін бойында намысы қайнаған, білекті де, тақымды жігіттеріміз аударыспақтан сыңға түсті. Бұл сайыс өте тартысты болды.

Жылғы көпшілік әр спортшыны қызу қолдап отырды. Нәтижесінде қарсылас шыдатпаған қаракемерлік Қуанышбек Төлегенов бірінші орынды жеңіп алса, Бекен Әубәкіров екінші орынды қанжығасын байлады. Үшінші орын Тірекболсын Орақовқа бұйырды. Ешкі көтеруден Диас Сүйіндіқұлы мықтылығымен көзге түссе, қошқар көтеруден Ақылбек Халелов жеңіс тұғырынан көрінді. Құнан бәйгеде оқ бойы оза шапқан Жанат Әбіловтың «Байторысы» мәре сызығын бірінші болып өтсе, Нарымтай Маратұлының «Суғұны» араға ат салмай екінші болып жетті. Мәре сызығына Әділбек Құрманғазиевтің «Қараторғайы» үшінші болып келді.

Ат спортын тамашалауға келген адам қарасы көп болды. Ат тұяғының дүбіріне делебесі қозған ағайын ат жалын тартып мінген әр балаға қолдау білдірді. Тай жарыстың қорытындысына келсек, Бекзат Сұлташевтың «Қоңырқасқа» атты тайы мәре сызығын бірінші болып кесіп өтсе, Мұхит Рахатовтың «Нұртөбелі» мәреге екінші болып келді. Ал, Ерсұлтан Жандосұлының «Шәмші» атты тайы үшінші болып жетті. Айт күніндегі ұлттық ойындар әрі қарай аламан бәйгеге ұласты. Бұл додада бірінші орынды жекеңділік Ырзағали Есқалиевтің «Шапағаты» жеңіп алса, екінші орын Қуандық Ермашевтің «Жауынгері», үшінші орын Нұртас Жандосұлының «Ханторы» ие болды. Дүбірлі доданың соңында барлық спортшыларға қаржылай сыйлықтармен бірге мақтау қағаздары табысталды. Мерекелік шара соңында Саралжын ауылдық округінің әкімі Марат Тәжіғалиев Ораза айт мерекесін ұйымдастырып, демеушілік көрсеткен бірқатар ауыл азаматтарына Алғыс хат табыстады.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл-Саралжын-Ойыл.

ЕКІНШІ СЕССИЯНЫҢ «ЕНШІСІНДЕ» САЛМАҚТЫ МӘСЕЛЕЛЕР БОЛДЫ

Өткен жұма күні аудандық мәслихаттың кезектен тыс екінші сессиясы өтті. Аудандық мәслихаттың екінші сессиясына аудан әкімінің орынбасары, аппарат басшысы, аудандық бөлімдер басшылары, аудан әкімі Асқар Қазыбаев қатысты. Сессияның күн тәртібінде 14 мәселе қаралды. Ағымдағы жылы атқарылатын нақты істің жоспары бекітіліп, әр мәселе жан-жақты талқыланды. Алғаш болып аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Болатбек Әділханов «2023-2025 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетіне бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынды. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша аудан әкімі аппаратының басшысы Ербол Тілепов «Аудан әкімдігі жанындағы мемлекеттік рәміздер жөніндегі ведомстваралық комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» №167 шешіміне өзгеріс енгізу, «Терроризмге қарсы комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» №171 шешіміне өзгеріс енгізу, «Аудан әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстваралық комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» №172 шешіміне өзгерістер енгізу, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі аймақтық комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» №173 шешіміне өзгерістер енгізу, «Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі аудандық комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы» №174 шешіміне өзгеріс енгізу, «Аудан әкімдігі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» №175 шешіміне өзгеріс енгізу, «Аудан әкімді-

гі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы» №176 шешіміне өзгеріс енгізу туралы ұсыныс жасады. Одан кейін аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламар бөлімінің басшысы Бекболат Иманғалиев «Аудан әкімдігінің жанындағы қылмыстық жазаны және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдар қызметіне жәрдемдесу жөніндегі, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі комиссия құрамын бекіту туралы» 2022 жылғы 6 мамырдағы №136 шешімін жою туралы, аудандық жер бөлімінің басшысы Мәулен Теремұратов аудандық жер комиссиясының құрамын бекітуді ұсынды. Ойыл аудандық мәслихатының 2021 жылғы 14 қаңтардағы №11 «Ойыл аудандық мәслихатының Регламенті туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы, «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы, Ойыл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 наурыздағы №182 «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы аудандық мәслихат аппаратының бөлім басшысы Мөлдір Жантекова хабарлады. Күн тәртібіне ұсынылған мәселелер талқыланған соң, аудан әкімі Асқар Қазыбаев кейбір мәселелерге орай өз пікірін білдіріп, ұсыныстарын жеткізді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ЕСЕНҒАЛИ – «КӨКЖАР БАРЫСЫ»



Қазақ күресі – ауыл баласы үшін жат емес. Алайда, оның әдіс-тәсілін толық меңгеріп, кәсіби тұрғыдан шұғылдануға бәрі бірдей ден қоймайды. Олимпиадалық спорт түрлеріне енгенен соң, секциялар жабылып, бір жылдары кенжелеп қалған күрестің қайта қанат жаюына «Қазақ барысы» турнирі сеп болғаны сөзсіз. Алайда, бүгінгі осы аталмыш жарыстың аудандағы іріктеу турниріне қатысушылардың аздығы салмақты жігіттердің сиреп бара жатқанын көрсетіп отыр. Бозкілемге шыққандардың да селқос қимылы, әдіс-тәсілден гөрі қара күшпен алуға ұмтылуы «Қазақ күресінің» ауданда дамуы әлі де баяу екенінің куәсі болса керек.

Тоғыз палуан қатысқан жары-

стың ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев палуандарға сәттілік тілесе, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәрсенбай Аманғосов батасын берді.

Алғашқы болып кілемге Қайың-дың екі жігіті шықты. Ұстазынан шәкірті озды. Мейірхан Әбішевті Есенғали Құлбаев жеңсе, қатар жатқан екі ауыл – Ақшауат мен Қаракемердің жігіттері Айдос Сапаров пен Дастан Жауғаштевтердің арасынан алдамшы қимылмен айланып асырған Айдос таза жеңіске жетті. Қараойлық Мұстафа Бисембаев Әнуарбек Шүкіровті жеңсе, Мейірбек Құсайыновтан Айдос Әйтеков басым түсті. Алғашқы айналымда бос болған Нұрәділ Ғазизов екінші жұптың жеңімпазы Айдос Сапаровпен белдесіп, ұпай санымен ғана жеңсе, жартылай финалдық белдесулерде палуандар қызда түсті. Мұстафа Бисембаев Айдос Әйтековты қосымша уақытта жеңсе, Есенғали мен Нұрәділдің арасындағы белдесу де тартысты өтті. Ұпай санымен ғана Есенғали финалға шықты. Үшінші орын күресуде Айдос Әйтековтен Нұрәділ Ғазизовтың күші басым болса, бас жүлде үшін белдесудің тағдырын Есенғалидың Мұстафаға бір әдісі шешіп кетті. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер және екі Айдос арнаулы сыйлықтармен марапатталды. Ал, енді Есенғали болса, облыста Ойылдың намысын қорғайды.

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ АУДАН ХАЛҚЫН «1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ» МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Ардақты ағайын!
Құрметті жерлестер!

Сіздерді татулық пен келісімнің шынайы үлгісіне айналған «1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні» мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мейрам – қазақтың кең байтақ даласын мекен еткен ұлт пен ұлыстың ынтымағын одан әрі нығайтатын мереке. Қазақ – қашанда бауырмал халық. Қиын кезеңдерде ата-бабаларымыз елімізден пана іздеп келгендердің бәрін бауырына басып, бір үзім нанды бөліп жеді. Ел басына күн туған замандарда да халқымызды ұлт ретінде сақтап қалған ынтымағы мен бірлігі. Достық бар жерде береке мен ырыс болары айдан анық. «Мәңгілік елдің алтын дінгегі – береке мен бірлікте!» «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» демекші, киелі Көкжар жерінде бүгінде бірнеше ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп, егемендікті баянды, Тәуелсіздікті тұғырлы ету жолында еңбек етуде.

Бірлік пен ынтымақтың мекеніне айналған ауданымыз жыл өткен сайын көркейіп, кемелденуде, экономикасы өрге басып келеді. Бірқатар маңызды бағыттар бойынша жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізілуде. Осы жетістіктердің бәрінде аудан тұрғындарының татулық пен бірлікке бағытталған қажырлы еңбегі мен ақ ниеті бар. Халық даналығында «Бірлік түбі – береке» деген нақыл сөз бар. Біздің жеткен жетістіктеріміздің түп қазығы татулық пен бірлігімізде.

Қадірлі ойылдықтар!

Ауданымыздың шаруашылық, экономикалық-әлеуметтік жағынан өсіп өркендеуі, бір үйдің баласындай татулықты ту еткен ынтымағы ұрпаққа үлгі, болашаққа өнеге.

Кезінде талай рет елдің басына туған қилы замандарда да халқымызды ұлт ретінде сақтап қалған – ынтымағы мен бірлігі. «Іргесі берік елді жау ала алмас, ауызы бір елді дау ала алмас» деген бабадан жеткен дана сөз бар.

Берекелі бірлігіміз бен тату тірлігіміз толымды істеріміздің ұйытқысы бола берсін!

Бір шаңырақтың астындағы халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, еліміздегі ұлтаралық татулық әрдайым берік болсын! Баршаңызға шынайы көңілмен бақыт-береке тілеймін. Бейбітшілік, тұрақтылық, азаматтық келісім орнаған Қазақстан жасасын! Мереке құтты болсын!

Құрметпен, Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев,
Ойыл ауданының әкімі.

«ОРАЗАДАҒЫ ОН ИГІ ІС» АУДАН ЖАСТАРЫ АУЫЗАШАР БЕРДІ



Қасиетті Рамазан айында Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының бастамасымен ұйымдастырылған аудан жастарының қолдауымен «Оразадағы он игі іс» жобасының оныншы қорытындысы ретінде ауызашар берілді. Ауызашарға ауданның үлкендері, зиялы қауым өкілдері, аудан жастары қатысты. Облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы Нұрлыбек Мусин, Мұғалжар аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Ләззат Бердібаева, Қобда аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы Са-

нат Шудабаев арнайы қонақ болып, Рамазан айымен құттықтап, ізгі тілектерін білдірді. Игі шара аясында атсалысқан барша ерікті, белсенді аудан жастары аудан әкімінің орынбасары, облыстық жастар ресурстық орталығының басшысы, аудандық жастар ресурстық орталығының басшысы атынан алғыс хаттармен марапатталып, естелік сыйлықтар табысталды. Ауызашардан кейін аудан жастары асық, ләңгі сынды ұлттық ойындарда өз шеберліктерін көрсетіп, жеңімпаздары сыйлықтармен марапатталды.

САУЛАУ-2023

**ОЙЫЛ АУДАНЫ ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМДІГІНЕ «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНАН
ҮМІТКЕР АРТҮР САРСЕНБАЙҰЛЫ
АМАҢҒОСОВТЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ**

Артур Сәрсенбайұлы Аманғосов Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылында туып өсті. 2009 жылы Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Заң институтын бітіріп, «Құқық қорғау қызметі» мамандығын алып шықты. Еңбек жолын 1992-1993 жылдары Ойыл совхозында құрылысшы болып бастап, 1993-1995 жылдары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарында әскери борышын өтеді.

1994-1995 жылдары дезинфектор, 1995 - 1996 жылдары Ақтөбе облыстық ІІД-де полиция қызметкері, 2013-2017 жылдары «Аспанай-секьюрити» ЖШС-де күзет бастығы, 2017-2021 жылдары «Ойыл ауданы әкімі аппараты» ММ-де төтенше жағдайлар жөніндегі бас маман, бас инспектор болып қызмет жасады. 2021 жылдан бастап осы кезге дейін «Ойыл ауылдық округі әкімі аппараты» ММ-де округ әкімінің орынбасары болып қызмет атқарып келеді. Отбасылы.



Жариялау ақысы кандидаттардың сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге бөлінген бюджет қаражаты есебінен төленді.

САУЛАУ-2023

**ОЙЫЛ АУДАНЫ ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР
МЕДЕТ ҚҰБАЙДОЛЛАҰЛЫ САҒИДАНОВТЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ**

Сағиданов Медет Құбайдоллаұлы 1995 жылғы 3 наурызда Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл ауылында дүниеге келген. 2001 жылы Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебіне қабылданып, 2012 жылы аталған мектепті бітірген. 2012-2017 жылдар аралығында Орал қаласындағы, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде «Ветеринария» мамандығын бойынша жоғары білім алған.

Еңбек жолын 2017 жылы Ойыл аграрлық колледжінде ветеринария мамандығы бойынша мұғалім болып, 2018 жылдың қыркүйегіне дейін қызмет атқарған.

2019 жылдың қыркүйегінен бастап осы күнге дейін «Ойыл ауылдық округі әкімі аппараты» ММ – де бас маман болып жұмыс жасауда.



Жариялау ақысы кандидаттардың сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге бөлінген бюджет қаражаты есебінен төленді.

САУЛАУ-2023

**ОЙЫЛ АУДАНЫ ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ
ӘКІМДІГІНЕ ҮМІТКЕР
МАУЛЕН ОРАЛҰЛЫ ТҮРЕМУРАТОВТЫҢ
ӨМІРБАЯНЫ**

Туремуратов Маулен Оралұлы 1986 жылғы 1 маусымда Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Кемер ауылында дүниеге келген. 1992 жылы Ә.Дербісалин атындағы қазақ орта мектебіне қабылданып, 2003 жылы аталған мектепті бітірген. 2003-2007 жылдар аралығында Алматы экономика және статистика академиясында «Қаржыгер» мамандығы бойынша жоғары білім алған.

Еңбек жолын 2007 жылы Ойыл аудандық пошта байланысы торабында оператор болып бастаған. 2008 – 2009 жылдар аралығында Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінде жетекші маман болып қызмет атқарған. 2009 – 2012 жылдары Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінде бас маман болып қызмет атқарған.

2012 – 2020 жылдар аралығында Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінде бас маман болып қызмет атқарған. 2020 жылдың 1 маусымынан 1 желтоқсан аралығында Ойыл ауданы әкімі аппаратында бөлім басшысы болып қызмет атқарған. 2020 – 2021 жылдары Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары қызметін атқарған. 2021 жылдан бастап Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы қызметін атқаруда.



Жариялау ақысы кандидаттардың сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге бөлінген бюджет қаражаты есебінен төленді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті, Ойыл ауылдық округ ауылының сайлаушылары! Мені ауылдық округ әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда төмендегі мәселелерді шешуге **ҮДЕ БЕРЕМІН:**
1. Округтегі аз қамтылған, көп балалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандардың мүдделерін қорғауға бағытталған әлеуметтік кепілдіктерді пайдалануға жағдай жасау;
Елді-мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын үнемі бақылауда ұстап, іске асыруға көңіл бөлемін.
2. Ауыл шаруашылығы бойынша мал азығын молайту, егіс егу алқабының және бау-бақша егу көлемін арттыруға жұмыстанамын.
3. Ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатында шағын және орта бизнесті қолдау арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етіп, жұмыссыздықтың деңгейін төмендету жұмыстарын жандандыру.
4. Ауыл шаруашылық теліміндегі пайдаланылмай тұрған жерлерді (шабындық, жайылым, шалғындар, бос жатқан жерлерді) ұтымды пайдалануды айналымға қосу бойынша жұмыстанамын.
5. Округ орталығы Ойыл ауылының көшелеріне асфальт жабындысын төсеу жұмыстарын жалғастыруға ықпал жасаймын.
6. Ақшатау, Екпетап және Қаракемер елді мекендерін көгілдір отынмен қамтылуына жұмыстанамын.
7. Ақшатау, Екпетап және Қаракемер елді мекендерінің кіреберіс көтерме жолына асфальт немесе шебень төсеу жұмыстарын жүргізуге ықпал етемін.
8. Ойыл ауылы орталығында шағын футбол және балалар алаңын арттыруға күшімді саламын.
9. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жұмыссыздық санын азайтып, жұмыс орындарын ұлғайтуға жұмыстанамын.
10. Аймақтағы денсаулық, білім, мәдени саласының жұмысын үнемі қолдап, олармен түрлі ұйымдастыру жұмыстарын кеңінен жүргіземін.
11. Жастарға жол ашамыз! Жастар - ел болашағы. Жастардың білім, тұрғын үй, жұмысқа орналасу тәрізді өзекті мәселесін шешуге қауқарлы жастар саясатын жүзеге асыруға ықпал етемін.
12. 2025 жылға дейін округтегі елді мекендерді көше шамдарымен толық қамтамасыз етілуіне ықпал етемін.
Бала кезден ата-анам мені, адалдыққа, еңбексүйгіштікке, туған жерді сүйуге үйретті. Тәуелсіз еліміздің бір қажетіне жарап, аз да болса өз үлесімді қосқым келеді. Мені көпбалалы, аз қамтылған отбасылардың, мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайы алаңдатады. Жолдардың нашарлығы, тұрғындарды толық көгілдір отынмен қамту, ауыл шаруашылығындағы жайылым мәселелері мен мал бағу т.б. проблемалық сұрақтар көпшілікпен бірге мені де толғандырады. Мен осы мәселелерді шешуде, ауыл өмірін жақсартуға бар күш-жігерімді жұмсаймын! Бұл үшін маған сіздердің қолдауларыңыз қажет!

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті ауыл тұрғындары! Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауылдық округ аумағындағы әкім құзыретіне кіретін жұмыстарды жауапкершілікпен атқарып, жергілікті жердегі әлеуметтік экономикалық даму мен саяси тұрақтылық сақталуына азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау бағытында өз білімім мен тәжірибемді жұмсаймын. Елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын іске асыруға көңіл бөлемін. Ауыл ақсақалдарынан және ауылдың белсенді азаматтары мен ауыл активінен құрылған қоғамдық кеңес арқылы ауылдың тәртібін қадағалап, қиын мәселелерді бірігіп, ақылдасып шешуді ұйымдастырамын.
1. Халықтың әл-ауқатын көтеру бағытында жұмыс жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстаймын.
2. Қазақстан Республикасының заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын жүзеге асыру үшін қызмет жасаймын.
3. Аз қамтылған, көп балалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан тыс қалдырмай, қамқорлық жасаймын.
4. Округтің санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру мен абаттандыруға жұмыс жасаймын.
5. «Ауыл аманаты» жобасы бойынша тұрғындар арасында нақты түсіндірмелер жүргізіп, олардың осы бағдарламалардан өз сыбағаларын алуға жұмыстар атқарамын.
6. Ауыл шаруашылық теліміндегі жерлерді (шабындық, жайылым, егістік, т.б.) ұтымды пайдалануды, иесі бар игерілмей жатқан жерлермен, бос иесіз жерлерді игеріп айналымға қосуды ұйымдастырамын.
7. Жастарға – жол ашамыз! Жастар - ел болашағы! Біз халқымыздың бай рухани адами құндылықтарын өскелең ұрпаққа табыстауымыз керек! Бұл дамып келе жатқан әрбір қоғамның миссиясы! Жастардың білім, тұрғын үй, жұмысқа орналасу тәрізді өзекті мәселесін шешуге қауқарлы жастар саясатын жүзеге асыруға ат салысамын.
8. Округ аумағында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, мемлекеттік бағдарламаларды толық пайдаланып, қосымша жұмыс орындарының ашылуына, кәсіпкерліктен түсетін салық көлемін ұлғайтуға үлес қосамын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті ауыл тұрғындары! Қазақстан Республикасының заңдарының Қазақстан Республикасы Президенті мен үкіметі актілерінің орталық және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын жүзеге асыру үшін қызмет жасаймын.
1. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің уақытылы толық төлеуін үйлестіруге атсалысамын.
2. Кәсіпкерлік қызметті дамытып, шаруа-фермер қожалықтарын ұйымдастырып, ауыл шаруашылығына арналған мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жұмыс жасаймын.
3. Табысы төмен әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарға және мүгедектер мен қарттарға қолдау көрсетіп, оларға жасалатын қызмет түрлерін кеңейтуге атсалысамын.
4. Елді мекенді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын іске асыруға көңіл бөлемін.
5. Бұқаралық спортты тұрғындар арасында жүргізе отырып, «Салауатты Қазақстан» азаматтарының қатарын көбейтуге күш саламын.
6. Аймақтағы денсаулық, білім, мәдениет саласының жұмысын үнемі қолдап, олармен түрлі ұйымдастыру жұмыстарын кеңінен жүргіземін.
7. Ауылшаруашылығы бойынша мал азығын молайту, суармалы егіс егу жұмыстарын өндіріске енгізуге қызмет жасаймын.
8. Ауыл жастарының көкейтесті мәселелерін оңтайлы шешіп, жастарды ауылдық жерде тұрақтандырып, Қазақстан Республикасының белсенді патриотын тәрбиелеу үшін, ел болашағы жастармен жұмысты кешенді түрде жүргіземін және жастардың теріс діни ағымдардың ықпалынан, жат қылықтардан аулақ болуына бағыт –бағдар беруді басты назарда ұстаймын.

Жариялау ақысы кандидаттардың сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге бөлінген бюджет қаражаты есебінен төленді.

САЙЛАУ-2023

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТТАРДЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 113-5 бабына сәйкес келіп түскен құжаттарды қарап, Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округі әкімдігіне төмендегі кандидаттарды тіркеді:

Тегі, аты, өкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері, кім ұсынған
Туремуратов Маулен Оралұлы	1986	Басшы, «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, өзін-өзі ұсынған
Сағиданов Медет Құбайдоллаұлы	1995	Бас маман, «Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, өзін-өзі ұсынған
Амангосов Артур Сарсенбаевич	1975	Округ әкімінің орынбасары, «Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалы ұсынған

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

2023 ЖЫЛДЫҢ 14 МАМЫРЫНА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ БОЙЫНША КАНДИДАТТАРҒА САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫНДАР

№	Ауылдық округтің атауы	Кездесу үшін белгіленген орындар
1	Ойыл	Ойыл ауылы, Шернияз көшесі №36, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы
2		Екпетал ауылы, Достық көшесі №3 Екпетал мектеп-балабақшасы
3		Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі № 1а Ақшатау орта мектебі
4		Қаракемер ауылы, Достық көшесі №3 Қаракемер ауылдық клубы

Ескөртпе: Осы хабар Ойыл аудандық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында 2023 жылдың 20 сәуірінде орналастырылды

2023 ЖЫЛДЫҢ 14 МАМЫРЫНА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ БОЙЫНША БАРЛЫҚ КАНДИДАТТАР ҮШІН ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫНДАР

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1	Ойыл ауылы	Желтоқсан көшесі, “Ойыл аудандық ауруханасы” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны ғимаратының оң жағында
2	Ойыл ауылы	Көкжар көшесі, “Ойыл аудандық мәдениет үйі” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны ғимаратының оң жағында
3	Ақшатау ауылы	Ақжол көшесі, “Ақшатау орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында
4	Қаракемер ауылы	Ынтымақтастық көшесі, “Қаракемер мектеп-балабақшасы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында
5	Екпетал ауылы	Жасыл ел көшесі, “Екпетал мектеп-балабақшасы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында

Ескөртпе: Осы хабар Ойыл аудандық сайлау комиссиясының интернет-ресурсында 2023 жылдың 20 сәуірінде орналастырылды

2023 ЖЫЛЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ А.КАЗЫБАЕВТЫҢ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДЕРІНІҢ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕРІН ӨТКІЗУКЕСТЕСІ

(әлеуметтік желілерде онлайн-трансляциямен)

«Кездесулер өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес Ойыл ауданының әкімі А.Қ. Казыбаев және ауылдық округ әкімдері тоқсан сайын аудан тұрғындарымен кездесулер (кездесулер аяқталған соң азаматтарды жеке қабылдаумен) келесідей күндері өткізеді:

№ т/б	Әкімінің Т.А.Ө.	Лауазымы	Елді мекенінің атауы, орны	Кездесулерді өткізу күні
мамыр				
1	Қазыбаев А.Қ. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Аманкелді ауылы, клуб ғимараты, Астана көшесі, 19	03.05.2023 ж., сағ. 09.00
2	Қазыбаев А.Қ. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Көптоғай ауылы, клуб ғимараты, Қазақстан көшесі, 18	03.05.2023 ж., сағ. 11.00
3	Қазыбаев А.Қ. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Шұбарши ауылы, клуб ғимараты, Желтоқсан көшесі, 19	03.05.2023 ж., сағ. 14.00
4	Қазыбаев А.К. Шауменов Н.С.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиев а/о, Қаратал ауылы, клуб ғимараты, Берсиев көшесі,35	05.05.2023 ж., сағ. 09.00
5	Қазыбаев А.Қ. Дәулетқалиев С.Т	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыл а/о, Екпетал ауылы, мектеп ғимараты, Жасыл ел көшесі, 21	05.05.2023 ж., сағ. 11.00
6	Қазыбаев А.Қ. Шәуменов Н.С.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиев а/о, Құмжарған ауылы, клуб ғимараты, Бекет ата көшесі, 23	05.05.2023 ж., сағ. 14.00
7	Қазыбаев А.Қ.. Тәжіғалиев М.Т.	Ойыл ауданының әкімі Саралжын а/о әкімі	Саралжын а/о, Қоңырат ауылы, фельдшерлік пункт ғимараты, Ойыл көшесі, 1	10.05.2023 ж., сағ. 08.00
8	Қазыбаев А.Қ. Қосдаулетов Ы.Т.	Ойыл ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі	Қайыңды а/о, Көсембай ауылы, клуб ғимараты, Орталық көшесі, 10	10.05.2023 ж., сағ. 09.00
9	Қазыбаев А.Қ.. Қосдаулетов Ы.Т.	Ойыл ауданының әкімі Қайыңды а/о әкімі	Қайыңды а/о, Ақжар ауылы, клуб ғимараты, Мектеп көшесі, 4	10.05.2023 ж., сағ. 11.00
10	Қазыбаев А.Қ. Дәулетқалиев С.Т	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыл а/о, Қаракемер ауылы, клуб ғимараты, Ынтымақтастық көшесі, 1	12.05.2023 ж., сағ. 09.00
11	Қазыбаев А.Қ. Дәулетқалиев С.Т	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыл а/о, Ақшатау ауылы, мектеп ғимараты, Ақжол көшесі, 1	12.05.2023 ж., сағ. 11.00
12	Қазыбаев А.Қ. Дәулетқалиев С.Т	Ойыл ауданының әкімі Ойыл а/о әкімі	Ойыл а/о, Ойыл ауылы, аудандық мәдениет үйі ғимараты, Көкжар көшесі, 68	12.05.2023 ж., сағ. 15.00
13	Қазыбаев А.Қ. Асылбаев Е.Б.	Ойыл ауданының әкімі Көптоғай а/о әкімі	Көптоғай а/о, Қарасу ауылы, клуб ғимараты, Алашорда көшесі, 7	17.05.2023 ж., сағ. 09.00
14	Қазыбаев А.Қ. Шәуменов Н.С.	Ойыл ауданының әкімі Берсиев а/о әкімі	Ш.Берсиев а/о, Қарасу ауылы, мектеп ғимараты, Ахмет Жұбанов көшесі, 5	17.05.2023 ж., сағ. 11.00

Әр кездесуден кейін азаматтарды қабылдау жүргізіледі.

САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ ІІ - ТОҚСАН БОЙЫНША ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдау жүргізетін адамның аты- жөні	Қабылдау күндері мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Сарбие ауылдық округі әкімі Д. Бисебаев	Сәуір 3,6,10,13,17,20,24,27 Мамыр 2,5,11,15,19,23,26,31 Маусым 5,9,12,16,20,23,27,30	Жастар көшесі № 16	35-2-20

ВАКЦИНА – ТУЛЕРЕМИЯНЫҢ ҚОРҒАНЫСЫ



Табиғатта туляремия қоздырғышы көптеген жабайы жануарлардың – кеміргіштер, жөндіктер, жыртқыштар, балықтар, құстар, қосмекенділердің азға-

сында тіршілік етеді. Иксод кенелері туляремия инфекциясының сақтаушылары мен тасымалдаушылары. Соналар, масалар да жұқпаны тасымалдайды.Туляремияның қоздырғышы – өте ұсақ бактерия. Туляремия микробына төмен температура және ылғалды орта қолайлы. Инфекциялық қоздырғыштың берілу жолдары мен жұқтыру механизмдерінің көптігі туляремияның негізгі ерекшеліктері. Жұқпа кезіне байланысты адамдарда жұқтырудың келесі жолдары байқалады: қарым-қатынаста – қоздырғыштың ауыз қуысының, асқазан-ішек жолдарының шырышты қабаты арқылы енген-

де, аспирациялық – ауру жануарлардың бөлінділерімен ластанған ауаны жұтқанда, трансмиссивті –жәндіктер немесе кенелермен жанасқанда жұғады. Жұқпа адамнан адамға берілмейді. Аурудың барысы қоздырғыштың адам ағзасына ену жолымен байланысты. Қазіргі уақытта аурудың 6 клиникалық түрі бар. Төрінің және көздің шырышты қабығы арқылы қоздырғыш енгенде бубонды, бубонды-ойық жара және көздің бубонды туляремиясы байқалады. Ауыз арқылы енгенде ангинозды-бубонды және ішек түрлері пайда болады. Тыныс алу жолдары арқылы енгенде екпе түрімен ауырады. Туляремия жұқтырған-

нан 3-7 күннен кейін кенеттен дене қызуының күрт көтерілуімен, қалтырауымен басталады. Науқастар бас ауруына, жалпы енжарлыққа, бұлшықеттердің ауыруына, бас айналуға, төбеттің төмендеуіне шағымданады. Құсу, мұрнынан қан кетуі мүмкін. Егер мұндай белгілер байқасаңыз, тез арада тұрғылықты жеріңіз бойынша дәрігерге қаралуыңыз қажет. Алдын алудың ең тиімді әдісі – туляремияның табиғи ошақтарында тұратын халықты туляремияға қарсы вакцинациялау.

Гүлнәр РАХИМОВА, Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің зертханашысы.

ЖАТАҒАН УКЕКІРЕ

Еліміздің аграрлық кешені мен ауылдық аймақтардың дамуы және жоғары стандартқа сай ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру бүгінгі қойылып отырған басты талаптардың бірі. Осыған орай ауылшаруашылық дақылдарын аурулардан, зиянкестерден және арамшөптерден қорғау мақсатымыз деп қарастыруымыз керек. Арамшөптердің ішінде ерекше атап өтетіні - жатаған укекіре (қызылты), зиянды және ең қиын жойылатын атпатамырлы көпжылдық арамшөп. Өсімдіктің биіктігі 20-70 см. Сабағы тік, жапырақтары түкті, сабақ бойында кезекпен орналасқан, сағақсыз,тілімденген, жоғары жапырақтарының жиектері тегіс. Көбеюі тұқыммен немесе тамыр атпаларымен-вегетативтік жолдармен жүреді. Бұл арамшөп далалық жерде, егістікте, сортаң жерлерде, суармалы жерлердің арықтарының бойында, автокөлік жолдарының жиектерінде өседі. Зияндылығы аса жоғары: егістікті ластайды, жайылымның өнімділігі, мал

азығының сапасы төмендейді. Карантинді арамшөп жатаған укекіремен күресу кешенді түрде жүргізілуі керек. Ол кәдімгі арамшөптер тәрізді бір рет тамырын кесіп тастау арқылы жойылмайды. Оның тамыры 10 метрге дейін кететіндіктен кесіп тастағанның өзінде қайта көктеп өсуін жалғастырады. Агротехникалық әдістердің мақсаты тамырды ұсақ бөлшектерге бөліп, тамырдағы қоректік органикалық затты азайту арқылы тамырдан қайтадан өсуіне жол бермеу. Тағы да тиімді күрес шарасы – терең қопсытып жыртыу. Агротехникалық өңдеуді сабақтану фазасында 2-3 жапырақ кезінде жүргізу керек. Жатаған укекіреден арылу үшін агротехникалық шаралармен қатар міндетті түрде гербицидтерді де тиімді қолдану қажет. Гербицидтерді қолдану тәсіліне әсіресе бүгінгі күні, яғни топырақты тайыз өңдеу немесе мүлдем топырақ өңдеуден бас тарту кезінде ерекше көңіл бөлінеді. Укекіреге қарсы қолданылатын гербицидтер: Ланс ,Ураган, Ураган-Форте.

Б. АБДУЛЛИН,

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының» басшысы.

ҚҰТЫРМА - ЖЫРТҚЫШТАРДАН ЖҰҒАДЫ

Құтырма – адамға құтырған жануарлардан жұғатын вирустық ауру. Ауру қоздырғышы тістеген жерден денеге еніп, өсіп өнеді. Адам инкубациялық (білінбейтін жасырын) кезең (30-90 күнде, кейде 7 күннен 1 жылға дейін созылуы да мүмкін) өткеннен кейін науралары (ит, мысық, сиыр және т.б.) таратады. Қыс түсуіне байланысты жабайы жануарлардың құтырма ауруына шалдығуы көбейе түседі. Көбіне ауру түлкілер елді мекендерге барып, вирусты ит, мысықтарға, малдарға жұқтырады. Ауру түлкілер адамдар тұратын жерлерге барып, ешбір қиындықсыз қолға да түседі. Бұл – адамдар үшін қауіпті.

Ауру жануар тістеген, тырнаған кезде сілекейі арқылы вирус жарақат арқылы денеге өнеді. Жануардың сілекейі тиген заттарды ұстаған кезде және көз, ауыз, мұрын қуыстарына вирустың түсуі арқылы ауру жұғады.

Тіпті сырттай дені сау жануар тістеп немесе тырнап алған жағдайда да тез арада дәрігерге қаралу керек. Адамдарды тістеп алған ит, мысық және тағы басқа жануарларды ветеринарлық қызмет 10 күн бойы бақылайды. Адамды зақымдаған жануарды өлтіруге болмайды, өйткені бақылау қорытындысы бойынша алдын ала екпенің (антирабиялық

вакцина) жалғастырылуы, тоқтатылуы анықталады. Мына кеңестерді білу қажет: Жануардан зақымданған жағдайда, жедел түрде ауруханаға (травпункт) барып, алғашқы көмек көрсетіліп антирабиялық вакцина салынады. Және тез арада жарақат орнын сабынды сумен мол көлемде жуу қажет (вирус жарақат арқылы денеге еніп кетпеуі үшін). Егер тістеп алған жануар белгісіз болса, немесе өліп қалса емдік курсы жалпы Бекпеден (0-күн, 3-күн, 7-күн, 14-күн, 28-күн, тұрады). Белгілі жануардың сау екендігі туралы ветеринариялық бақылаудың қорытындысымен 0,3,7 күнгі екпелерін алғаннан кейін екпе тоқтатылады. Сонымен қатар кеміргіштер тістеп алған жағдайларда да дәрігер көмегіне жүгіну қажет.

Аурудың алдын алу шараларының бірі:

- Иесіз иттер мен мысықтарды жою, - Үйдегі ит, мысықтарды жыл сайын алдын-ала вакцинациялау (ery) -Жануардан зардап шеккенде тез арада дәрігерге қаралып екпелерін дәрігер тағайындаған күннен кешіктірмей алу. -Адамға, малға шабуыл жасаған белгісіз ит, мысықтарды өлтірген жағдайда да өз беттерінен көміп тастамай ветеринариялық қызметке міндетті түрде хабарлау қажет.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1442 дана. Тапсырыс 571 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

ОТБАСЫ БАНК «ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА!»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОПЕРАТОРЫ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Бұл бағдарламаға ауылдық жерге тұру және бірқатар мамандықтар бойынша жұмыс істеу үшін келген қазақстандықтар қатыса алады. Бұл денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен мамандары, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері (әкімдер мен әкімдердің орынбасарларын қоспағанда). Олардың барлығы жергілікті әкімдіктен 0,01% мөлшерлемесі бойынша 1500 АЕК-ке дейінгі мөлшерде кредит алуға үміткер бола алады. Қарыз тұрғын үй сатып алуға немесе салуға беріледі. Кредиттің ең көп мерзімі – 15 жыл. Негізгі талап – мамандар ауылдық жерлерде мамандығы бойынша 3 жыл жұмыс істеуі керек.

Қазіргі уақытта мұндай қарыздарды 38 000 қазақстандық азамат алды. Бұрын олардың кредиттік төлемдеріне Аграрлық кредит корпорациясы қызмет көрсетіп, мониторингін жүргізген. Дәл осы компания "Дипломмен ауылға!" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі қаржы агенті болды. Ұлттық экономика министрлігінің бұйрығымен 2023 жылғы 1 сәуірден бастап "Дипломмен ауылға!" бағдарламасының қаржы агенті болып Отбасы банк (Бәйтерек холдингінің еншілес ұйымы) тағайындалды. Енді осы бағдарлама шеңберіндегі ағымдағы қарыздарға Отбасы банкте қызмет көрсетіледі. Сондықтан "Дипломмен ауылға!" бағдарламасы бойынша кредиттері бар қазақстандық азаматтар Отбасы банкте депозит пен ағымдағы шотты ашуы қажет. Бұл қарыз алушылардың болашақта мерзімді өткізіп алмауы және өсімпұл есептелмеуі үшін жасалатын шара. Отбасы банкте депозит пен ағымдағы шот ашылғаннан кейін олар кредит талаптарын өзгертпестен оны төлеуін жалғастырады. Депозит пен ағымдағы шотты ашудың тәсілдері: - Otbasы bank мобильді қолданбасында онлайн; - ұялы телефоннан 300 нөміріне тегін қоңырау шалу; - жақын жердегі банк бөлімшесіне немесе кеңес беру орталығына хабарласу арқылы. "Дипломмен ауылға!" бағдарламасына жаңадан қатысатын

тын тұлғалардан өтінімдер otbasыbank.kz жылжымайтын мүлік порталында онлайн режимде қабылданады. Жаңа өтінімдерді қабылдау күні туралы банк қосымша хабарлайды. Ол үшін порталда тіркелу, қажетті құжаттарды жүктеу* және ЭЦҚ көмегімен өтінімге қол қою қажет. Бұл өтінімді otbasыbank.kz жылжымайтын мүлік порталында жергілікті әкімдіктердің қызметкерлері қарайды, салынған құжаттардың дұрыстығын тексереді және шешім қабылдайды. Әкімдік оң шешім қабылдаған жағдайда кредит беру процесі басталады. Бұл жағдайда Отбасы банк қарыз және кепіл шартын қалыптастыруға көмектеседі, оларға блокчейн технологиясының көмегімен тараптар арасында қол қояды, әкімдіктен ақша алады және кредит береді.

Бүкіл процесс қашықтан жүзеге асырылады. Бағдарламаға қатысушы әкімдікке немесе банк бөлімшелеріне бармайды. Отбасы банк қарыздар беру жөнінде шешім қабылдамайды, төлем қабілеттілігін бағалауды жүргізбейді, кепілді бағаламайды және кредит беру үшін қаражат бөлмейді. Осы процестердің барлығына жергілікті әкімдік жауап береді.

Бұл жағдайда Банк агент ретінде әрекет етеді, қазақстандықтардың "Дипломмен ауылға!" бағдарламасы бойынша әкімдіктен қашықтан және қысқа мерзімде қолжетімді қарыз алуына көмектеседі. Сондай-ақ банк бұдан әрі қарыздардың уақтылы өтелуін қадағалайды, бағдарламаға қатысушыдан алынған төлемдерді әкімдіктерге аударады және мерзімі өткен төлемдермен жұмыс жүргізеді.

* Тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит алуға өтініш беру үшін келесі құжаттарды салу қажет: - жеке басын куәландыратын құжат - кадр қызметі куәландырған білімі туралы дипломның көшірмесі. - еңбек кітапшасының көшірмесі. - неке қию туралы куәлік (некеде тұрғандар үшін). - кредиттік бюродан есеп. - үміткерде және оның отбасы мүшелерінде (жұбайында (зайыбында), балаларында) жылжымайтын мүліктің жоқтығы (бар екені) туралы анықтама.

ҚЫЗЫЛША - ҚАУІПТІ ІНДЕТ



Қызылша індетінде шекара жоқ. Қазір елімізде жұқпалы індеттің бұл түрі белең алып бара жатқаны байқалады. Сондықтан Денсаулық сақтау министрлігі 15-19 жас жасөспірімдерге арналған қосымша иммундауды енгізу мәселесін қарастырып жатыр. Біз өз тарапымыздан ата-аналарды балаларын қызылшаға қарсы ектіріп, жұқпалы аурудың қазірден бастап қорғандың қамын жасауға шақырамыз. Ол үшін жергілікті емханаға барулары керек.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

Бүгінгі таңда облыста, ауданымызда екпеге қажетті вакцина жеткілікті. Біз жыл сайын жоспарлы түрде ата-ананың келісімімен 1.6 жасар балаларды қызылшаға қарсы екпелермен қамтитымыз. Сонымен қатар белгілі бір себептермен уақтылы екпелерін алмаған адамдарды, міндетті түрде қызылшаға қарсы екпе алуға шақырамыз. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде!» - деген халқымыздың нақыл сөзін есте сақтайық.

ҚОҒАМДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК

Мемлекеттік қызметті атқару қоғам мен мемлекет тарапынан білдірілген ерекше сенім болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілігіне, этикасы мен моральдық бейнесіне қоғамда жоғары талаптар қояды. Мемлекеттік қызметшілер Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға, адал, әділ, қарапайым болуға, қоғамдағы жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға тиісті.

Қоғамда қызметкер қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға, өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін құдалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға, іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық көрсетуге жол бермеуге, қарапайым болуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға, қоғамға жат әрекеттерді жасауға тартуға жол бермеуге тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынасы кезінде ұжымда іскерлік және тілектестік өзара қарым-қатынасты әрі сындарлы ынтымақтастықты орнату мен нығайтуға ықпал етуге, басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызметтік әдеп нормаларын бұзудың жолын кесуге немесе оларды болдырмау жөнінде өзге шаралар

ЖЕКЕ КАБИНЕТ - ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚЫЗМЕТТЕРІН АЛУҮШІН ЕҢ ҚОЛАЙЛЫ ҚЫЗМЕТ



Қазіргі кезде БЖЗҚ зейнетақы қызметтерінің көпшілігін алу үшін ең сұранысшы ие және ыңғайлы жол - enpf.kz сайтындағы Жеке кабинет. Олардың ішіндегі ең танымалы – зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат алу. Айта кетейік, бұл ақпаратты электрондық үкімет порталынан да алуға болады. Онда бұл қызмет түрі екі нұсқада ұсынылған: 1) жеке зейнетақы шотынан (ЖЗШ) үзінді көшірме қоса берілетін, кеңейтілген түрде (қызметтің атауы – "БЖЗҚ-дағы зейнетақы есептеулері туралы ақпарат"), 2) ЖЗШ-дан үзінді көшірме қоса берілмейтін қысқа форматта (Жеке кабинет / Құжаттама-дерек / Жеке кабинетке кірген сайын жаңартылуы қажет зейнетақы жинақтары).

Сонымен қатар, электрондық үкімет порталында салымшының қаражатының түсуі мен қозғалысы туралы мемлекеттік қызмет (қызметтің атауы – "Зейнетақы аударымдары туралы анықтама алу") ұсынылады. Оны екінші деңгейдегі банктердің қосымшалары арқылы да алуға болады. Бұл ретте осы қызмет шеңберінде ұсынылатын құжат инвестициялық табысты есепке алмай берілетінін атап өткен жөн.

БЖЗҚ enpf.kz сайтындағы Жеке кабинетте ЖЗШ-ға түсетін жарналар мен отан есептелген инвестициялық кіріс туралы толық ақпа-

ҚЫЗМЕТШІНІҢ ЭТИКАСЫ

қабылдауға міндетті. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Демек, адамдар арасында осы қызметші туралы дұрыс пікір, оң көзқарас, оған деген айқын сенімділік қалыптасуы қажет. Мұндай сенім мен құрметке жету оңай емес. Бұл үшін бір ғана кәсіби білімділік пен білгірлік жеткіліксіз, одан басқа қызметшінің жеке мінезқұлық мәселесі және бар. Яғни, қызметшінің кәсібилік деңгейі мен жоғары моральдық адамгершілік қасиеттері қатар тұру керек. Бұл туралы Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясында «өте жоғары этика мен кәсібилік тиімді мемлекеттік аппаратты құрудың негізгі өлшемі болып табылады» деп атап көрсеткен болатын. Сондықтан, бүгінгі күні мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез-құлық мәселелеріне қоғамда үлкен мән берілуде. Кәсібилік пен әдептілік қосылып, мемлекеттік қызметшінің тұтас имиджін көрсетеді. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығына және әділдігіне қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуға мүмкіндік береді.

Этиканы сақтау өмірдің әр саласында әртүрлі. Этиканы қызмет бабында сақтау өте маңызды мәнге ие болып табылады, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің этикасына басты назар аудартады.

Мемлекеттік қызметкер әртүрлі қоғам мүшелерінің өкілдерімен жұмыс істейтіндіктен аса үлкен дайындықпен қызмет атқару тиіс. Қызмет орнында өзін-өзі ұстай білу, сыртқы бейнесі мен киім үлгісі тәртіпке сай болуын қадағалау, қимыл-әрекеттерін әңгіме кезінде қолдана білу, анық әрі түсінікті жүйелі түрде сөйлей білу сияқты барлығы қызметкердің кәсіби этикалық құндылықтарына, жалпы қабылданған этика жүйелеріне жатады.

Т. РЫСҚАЛИЕВ,
Ойыл аудандық қазынашылық басқармасының басшысы.



БАЛА ҚҰҚЫҒЫ - БОЛАШАҚТЫҢ БАСПАЛАҒЫ

Бала - еліміздің болашағы. Баланың өмірге келген сәттен бастап оның құқықтары пайда болады. Оның өмір сүруге, денсаулығын сақтауға, білім алуына т.б. Баланың тұлға болып қалыптасуы тікелей отбасындағы тәрбиеге байланысты. Бала толыққанды өсіп-жетілуі үшін ең бірінші отбасында өзін емін-еркін, қауіпсіз сезіне білуі қажет. Қазіргі таңда балалардың құқықтары жиі бұзылып жатқанын естиміз, көреміз. Яғни, тастанды балалар, отбасылық зорлық-зомбылық, педофильдердің балаларды зорлау фактілері, балабақшадағы тәрбиешілердің, ерекше балаларды қарайтын тәрбиешілердің балаларды ұрып-соғу фактілері секілді әртүрлі жағдайлар кездесуде.

Осы өскелең ұрпақ еліміздің болашағы деп қарасақ олардың болашағы отбасындағы, балабақшадағы, мектептегі тәлім-тәрбиеден бастау алуы керек.

Қазіргі таңда әлеуметтік желі арқылы осындай жантүршігерлік ақпараттарды күн ара аламыз. Бұл дегеніміз болашағымызға балта шабу емес пе? Тәрбие тал бесіктен бастау алады. Тәрбиелі ұрпақ еліне, жеріне қорған болары анық. Қоғамды толғандырып отырған мәселелердің бірі ажырасу мәселесі. Ерлі-зайыптылардың жиі жанжалдасуы, бір-біріне қол көтеруі, анасының стрестік жағдайы бала психикасына әсерін тигізбей қоймайды. Ерлі-зайыптылар ажырасқаннан кейін бала тәрбиесі екіге бөлінеді. Ата-анасының біреуінде қалған баланы көрсетпей, оның тәрбиесіне араластырмауға тырысып, ерлі-зайыптылардың арасындағы бір-біріне деген өкпе-реніштерін балалар арқылы көрсетуге тырысады. Мұндай жағдай ата-анасының біреуін жек көрінішті етіп көрсету, баланы ызаландыру, оның болашағына деген сенімділігін жоғалту секілді келеңсіздіктерді туындатады.

Сондай-ақ көмелеттік жасқа толмаған балалардың психикасын бұзуға ықпал етіп отырған тағы бір дүние есірткі және психотропты заттарды тұтыну немесе олар-

ды тасымлдау сынды қылмыстар, құмар ойындар. Аталған құқық бұзушылықтар жөнінде мектер, лицейлер, колледждерге түсіндіру жұмыстары жүргізілгенімен біле тұра жиі қасақана құқық бұзушылықтарға жол беріліп отырады. «Тәртіпке бас иген адам құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды»,-деген Б.Момышұлы. Тәртіп сақтап, заңды құрметтеген жастардың болашағы да жарқын болары анық.

Жетім балалар ата-ананың қарауынсыз қалған балар, шет ел азаматтары асырап алған балалардың жағдайы мелекет бақылауында. Барлығының құқықтары мен мүдделері заңмен қорғалуға жатады. Осындай тағдырдың ауыр соққысына төтеп беріп, елінің мақтанышына айналған балалар да жетерлік. Жетімін жылатпаған елміз. Осы ұранмен балалар үйінен ыстық ұясына орналастырып, отбасылық жылулықты сездіру мақсатында бірнеше баладан асырап алып отырған отбасылар да жетерлік. Мейірімділік әлемді құтқарады. Мұндай тәрбиені, жылулықты сезініп өскен баланың, қандайда бір теріс пиғылды қылықтарды бойына сіңіруі мүмкін емес.

Жалпы баланың құқықтары «Бала құқықтары туралы Конвенциямен», Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы заңымен, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексімен басқа да нормативтік-құқықтық актілермен қорғалады.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсақ бала құқығы-асыл қазына. Халық даналағы былай делінген «Егер сен бір жылдық өміріңді ойласаң-онда арпа ек, он жылдық өміріңді ойласаң-онда ағаш ек, ал ғасырлық өміріңді ойласаң-онда бала тәрбиеле» деген. Сондақтан тәрбиелі, парасатты, білімді, ақылды, мәдениетті ұрпақ тәрбиелесек еліміздің болашағы зор әрі баянды болмақ.

А.ТӨРЕМҰРАТОВА,
Ойыл аудандық сотының судьясы.

ТАЗАЛЫҚҚА БӘРІМІЗ ҮЛЕС ҚОССАҚ...

2023 жылғы 3-ші сәуірдегі № 20 аудан әкімінің «Ауданның елді мекендері аумағында көгалдандыру санитарлық тазарту және абаттандыру шараларын ұйымдастыру туралы» өкімін жүзеге асыру мақсатында қыстан кейінгі ауылымыздың аумағын қоқыстан тазартып, мәдени өсімдіктер мен талдар отырғызып, ғимараттардың маңайын қалыпқа келтіріп, табиғаттың тынысын ашу мақсатында барлық ауыл-аймақтарды тазарту жұмыстарын жүргізуге екі айлық сенбілікке барлық мекемелер жұмылдырылды. Апта сайын атқарылған жұмыстардың орындалу барысы қорытындыланып отырады. Аудандағы қоғамдық орындарды абаттандыру және санитарлық тазалықты қамтамасыз ету бойынша жұмыс екі айлық кезінде атқарылған жағдайстар туралы аудан әкімдігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық,

Вера ЖАКИНА,
Ойыл ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.